

Қош келдің, қызғалдақты Әз-Наурыз!



Ұлыстың Ұлы күні наурыз мейрамына орай ұйымдастырылған «Қош келдің, қызғалдақты Әз-Наурыз» атты мерекелік іс-шараны Б. Өтешов атындағы үлгілі балалар кітапханасы ауданымыздағы №1 мектеп-лицейдің 1 сынып және 4 сынып оқушыларымен өткізді.

Мерекелік кеште балалармен ұлттық ойындар (арқан тартыс, күш сынасу, асық ату) ұйымдастырып, салт-дәстүріміз насихатталды. Баланы бесікке бөлеу, тұсау кесу дәстүрлері де көрсетілді. Наурыз туралы өлеңдер оқылып, «Аққу», «Қара жорға» биін биледі. Ақ дастархан жайылып, арнайы мерекелік наурызкөже дастарханның сәнін келтірді.

Ата-аналар арасынан қариялар дастарханға ақ баталарын беріп, балаларға ақ тілектерін білдірді. Наурыз мейрамның шығу тарихы жайлы кітаптар, газет-журналдардан кітап көрмесі де ұйымдастырылып, балаларға таныстырылды.

Барша қазақ елін Ұлыстың Ұлы күні наурыз мейрамымен құттықтаймыз. Ақ мол болсын, бас аман болсын! Тәуелсіз мемлекетіміз жайнай берсін! Мереке құтты болсын!

Б.Өтешов атындағы үлгілі балалар кітапханасы